

Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 538/77-IV " Астана қаласының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 91/11-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 766 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 220/25-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 12.12.2017 № 220/25-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 538/77-IV "Астана қаласының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидасы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 19 қаңтарда № 711 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 9 " Вечерняя Астана", 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 9 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:"**;

аталған шешіммен бекітілген Астана қаласының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидасында:

"Жалпы ережелер" 1-бөлімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"Осы Астана қаласының су объектілерінде ортақ су пайдалану қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына, 65, 92-баптарына, "Ортақ су

пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1215 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Н. Мещеряков

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

С. Есілов

КЕЛІСІЛДІ:

"Астана қаласының Табиғи ресурстар

және табиғат пайдалануды реттеу

басқармасы" (ТРЖТПР) ММ бастығы

Б. Ахметов

"Мемлекеттік санитарлық-

эпидемиологиялық қадағалау

комитетінің Астана қаласы

бойынша департаменті"

(МСЭҚКД) ММ бастығы

С. Бейсенова